Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

Қазақстан Республикасының туризмнің қосалқы шоты 2024 жыл

Мазмұны

S. 1 Байланыс деректері

S. 2 Метадеректердің соңғы жаңартылған күні

S. 3 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S. 4 Өлшем бірлігі

S. 5 Есепті кезең

S. 6 Құқықтық негіз

S. 7. Құпиялылық

S. 8 Ресми статистикалық ақпаратты тарату саясаты

S. 9 Тарату жиілілігі

S. 10 Қолжетімділік пен айқындылық

S. 11 Сапаны бақылау

S. 12 Өзектілік

S. 13 Дәлдік

S. 14 Уақтылығы

S. 15 Өзара байланысылық және салыстырмалылық

S. 16 Жүктеме

S. 17 Деректерді қайта қарау

S. 18 Бастапқы статистикалық деректерді және (немесе) әкімшілік, және (немесе) балама деректерді өңдеу

S.19 Пікір

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Ұлттық шоттар департаменті

S.1.3 Байланысқа жауапты адамның аты

Бегайдарова Камила Қуанышқызы

S.1.4 Байланысқа жауапты адамның функциялары

Әдіснаманы қалыптастыру және деректерді тарату

S.1.5 Байланыста болатын адамның пошталық мекенжайы

010000, Астана қаласы, Мәнгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланысқа жауапты адамның электрондық мекенжайы

k.begaidarova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланысқа жауапты адамның телефон нөмірі

+7 7172 749487

S.2 Метадеректердің соңғы жаңартылған күні

S.2.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

Қолданылмайды

S.2.2 Метадеректердің соңғы орналастырылуы

Қолданылмайды

S.2.3 Метадеректердің соңғы жаңартылған күні

Қолданылмайды

S.3 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.3.1 Деректерді сипаттау

Ұлттық шоттар жүйесінің (ҰШЖ) құрылымында жеке салаларды нақтырақ талдауға арналған қосалқы шоттарға арналған арнайы бөлім қарастырылған. Туризмнің қосалқы шоты (ТҚШ) – туризм саласындағы деректерге қосымша талдау жүргізу мақсатында әзірленген, халықаралық деңгейде келісілген жүйе. ТҚШ қалыптастырудың өзектілігі туризм саласының деректерін экономикалық талдау, болжау және мемлекеттік саясат мақсаттарында пайдалану қажеттілігімен негізделеді. ТҚШ-тың негізгі пайдаланушылары мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар (Еуразиялық экономикалық комиссия, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Статистикалық мемлекетаралық комитеті) және басқа да мүдделі тараптар болып табылады.

S.3.2 ҰАА

1. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ).
2. Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші (ЭҚТӨЖ).

Жіктеуіш Бюроның ресми интернет-ресурсында https://stat.gov.kz «Басты бет» / «Жіктеуіштер» бөлімінде қолжетімді.

S.3.3 Секторлық қамту

Резиденттік және резидент емес институционалдық бірліктер

S.3.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар.

2008 жылғы ҰШЖ, Туризм статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар (ТСХҰ 2008) және Туризмнің қосалқы шоты: Ұсынылған әдіснамалық негіздеме 2008 (ТҚШ: ҰӘН 2008) анықталған негізгі ұғымдар.

1) ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну – резидент, сондай-ақ резидент емес келушілердің тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде туристік тұтынуы;

2) келу туризміне қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде резидент емес келушілердің туристік тұтынуы;

3) шығу туризміне байланысты тұтыну – резиденттердің тиісті елдің экономикалық аумағынан тыс туристік тұтынуы;

4) ішкі туризмге қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде резидент келушілердің туристік тұтынуы;

5) туристік салаларда құрылған жалпы қосылған құн (ТҚҚҚТ) – олар өндіретін барлық өнімнің келушілерге арналғанына, және олардың өндірістік процесінің мамандануы деңгейіне қарамастан туризм саласындағы барлық қолданыстағы мекемелер құрып отырған жалпы қосылған құнның сомасы;

6) тікелей туризмде жасалған жалпы қосылған құн (ТТЖҚҚ) – ел ішіндегі туризммен байланысты тұтыну динамикасына сәйкес келушілерге қызмет көрсетуге тікелей байланысты туризм салаларында және экономиканың басқа салаларында құрылған жалпы қосылған құнның бөлігі;

7) туристік шығыстар – тұтынуға арналған тауарлар мен қызметтерді, сондай-ақ құндылықтарды, жеке пайдалануға немесе туристік сапарға дейін және оның барысында сыйлық ретінде пайдалануға төленген ақша сомасы.

S.3.5 Статистикалық объект

Туризм салалары, туристік өнімдер.

S.3.6 Бас жиынтық

Қолданылмайды.

S.3.7 Аумақтық қамту

Жалпы Қазақстан Республикасы.

S.3.8 Қамту уақыты

2003–2024 жылдарға арналған уақыт қатарлары бар. Уақыт қатарлары Бюроның интернет-ресурсында https://stat.gov.kz «Статистика» / «Экономика» / «Ұлттық шоттар статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қолжетімді.

S.3.9 Базалық кезең

Базалық кезең алдыңғы жыл болып табылады.

S.4 Өлшем бірлігі

Мың қазақ теңгесі

S.5 Есепті кезең

Жылына бір рет

S.6 Құқықтық негіз

S.6. Нормативтік құқықтық актілер

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. «Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 24 сәуірдегі №54 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда №16879 болып тіркелді.

4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілетін статистикалық жұмыстар жоспары;

5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

S 6.2 Деректермен алмасу

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру мемлекеттік органдар ұсынатын әкімшілік деректер мен статистикалық байқау деректері негізінде жүзеге асырылады.

Деректермен алмасу Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика, салықтық әкімшілендіру және мемлекеттік органдардың ақпараттық өзара іс-қимылы саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Әкімшілік деректер өнімдер және мемлекеттік басқару органдарының деңгейлері бөлінісінде ұжымдық туристік тұтынуды, сондай-ақ өнімдер мен келушілер санаттары бөлінісінде шығу туризміне жататын тұтынуды есептеу үшін пайдаланылады. Қажет болған жағдайда көрсеткіштерді нақтылау, тексеру және келісу үшін әкімшілік деректерді жеткізушілермен өзара іс-қимыл жүзеге асырылады.

Деректерді беру ақпараттық жүйелер және (немесе) ақпараттық өзара іс-қимылдың ресми арналары арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады. Алынған деректер статистикалық көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде пайдаланылғанға дейін толықтығы, келісілгендігі және белгіленген әдіснамалық талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылаудан өткізіледі.

S.7 Құпиялылық

S.7.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынған деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы жағдайында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады**.**

S.7. 2 Құпиялылық – деректерді өңдеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте сәйкестендірілмеген түрінде пайдалану үшін ұсыну қағидалары. (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелді).

S.8 Ресми статистикалық ақпаратты тарату саясаты

S.8.1 Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтары мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурсында орналастыру арқылы сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, оның ішінде машинада оқылатын деректер және статистикалық әдіснама форматында бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді.

Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесімен көзделген барлық статистикалық ақпарат Бюроның https://stat.gov.kz. интернет-ресурсында еркін қолжетімділікте орналастырылған.

Статистикалық жарияланымдарды қалыптастыру мерзімдері туралы ақпарат Бюроның интернет-ресурсының басты парағындағы «Жарияланымдар күнтізбесі» бөлімінде қолжетімді: https://stat.gov.kz/ru/release-calendar.

Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың https://stat.gov.kz

интернет-ресурстары бірыңғай платформасының «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.8.2 Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне қолжетімділік

Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі мемлекеттік органдардың бірыңғай интернет-ресурстары платформасында (МО ИРБП) «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.8.3 Пайдаланушы үшін қолжетімділік

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтары мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурсында орналастыру арқылы сапалы ресми статистикалық ақпаратқа, оның ішінде машинада оқылатын деректер және статистикалық әдіснама форматында бірмезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді.

Статистикалық жұмыстар жоспары мен ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделген барлық статистикалық ақпарат Бюроның https://stat.gov.kz интернет-ресурсында еркін қолжетімділікпен орналастырылады.

Статистикалық жұмыстар жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделген барлық статистикалық ақпарат Бюроның https://stat.gov.kz/ru/release-calendar интернет-ресурсында еркін қолжетімділікте орналастырылады.

Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдардың https://gov.kz интернет-ресурстары бірыңғай платформасының (МО ИРБП) «Бюро» / «Басты бет» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде қолжетімді.

S.9 Тарату жиілілігі

Жылына бір рет

S.10 Қолжетімділік пен айқындылық

S.10.1 Жаңалықтарды жариялау

Пресс-релиздер қалыптастырылмайды

S.10.2 Жарияланымдар

«Қазақстан Республикасындағы туризмнің қосалқы шоты» веб-жарияланымдар жыл сайын Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында Басты бет / Экономика/ Ұлттық шоттар/ Жарияланымдар/ Қазақстан Республикасындағы туризмнің қосалқы шоты бөлімінде жарияланады.

S.10.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі http://taldau.stat.gov.kz, «Ұлттық шоттар статистикасы»/ «Туризмнің қосалқы шоты» бөлімінде.

S.10.3.1 AC1. Ресми статистикалық ақпаратқа жолданымдар саны.

Іске асырылмаған

S.10.4 Деректерге сәйкестендірілмеген түрде қолжетімділік

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте пайдалану үшін сәйкестендірілмеген түрде деректер базаларын ұсыну қағидаларымен» реттеледі.

Сәйкестендірілмеген түрде деректер базаларын алу үшін өтінім беру шарттары туралы ақпарат Бюроның интернет-ресурсында https://stat.gov.kz «Зерттеушілер үшін» бөлімінде қолжетімді.

Өтінім Бюроның интернет-ресурсындағы stat.gov.kz «Жеке кабинет» / «Пайдаланушы кабинеті» арқылы қалыптастырылады және беріледі, қажетті құжаттар қоса тіркеліп, электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

S.10.5 Өзге де

Қолданылмайды.

S.10.5.1 AC2. Метадеректер- кеңестер беру

Іске асырылмаған.

S.10.6 Әдіснама бойынша құжаттама

1. Ұлттық шоттар жүйесі әдіснамасы бойынша құжаттама, 2008 (Еуропалық қауымдастықтар комиссиясы EUROSTAT, Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Дүниежүзілік банк жариялаған) https://unstats.un.org/unsd/nationalaccount/docs/SNA2008Russian.pdf

2. Туризм статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар (ТСХҰ 2008) және туризмнің қосалқы шоты: 2008 жылғы ұсынылатын әдіснамалық негіздеме (ТҚШ: ҰӘН 2008)

3. ««Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 24 сәуірдегі №54 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда № 16879 болып тіркелді. http://adilet.zan.kz

S.10.7 Сапа бойынша құжат

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген «Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі» (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 маусымда №17011 болып тіркелген);

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты өндіру процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі»;

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2024

жылғы 19 наурыздағы №2 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік деректердің сапасын бағалау қағидалары».

S.11 Сапаны бақылау

S.11.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұлттық шоттардың статистика бойынша деректерінің сапасы мен анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен қамтамасыз етіледі:

- деректердің халықаралық стандарттарға сәйкес салыстырылуын қамтамасыз ету үшін халықаралық ұсынымдарға сәйкес қалыптастыру;
- тауарлардың, өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- статистикалық мәліметтерге салыстырмалы талдау жүргізіледі.

S.11.2 Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау

Ұлттық статистика бюросы халықаралық стандарттарға сәйкес ТҚШ бойынша кестелердің толық жинағын құрастырады.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін жарияланым форматы 2023 жылы қайта қаралды. 2023 жылдан бастап ТҚШ басылымы туристік салалар мен өнімдер туралы электрондық кестелерді, сондай-ақ туризм бойынша веб-жарияланымджарды қамтиды. Веб-жарияланым туризмнің негізгі көрсеткіштерінің өткен жылмен салыстырмалы талдауын, келушілердің санаттары бойынша (резиденттер/резидент еместер) туристік өнімдерді тұтыну құрылымын, есепті жылда тауарлар мен қызметтерді ұсынудағы туризм үлесін қамтиды. Пайдаланушылардың сапалы статистикалық ақпаратқа қажеттіліктерін барынша толық қанағаттандыру үшін ТҚШ бойынша деректер кестелер, графиктер және әдістемелік түсініктемелер түрінде ұсынылған. Жарияланымда белсенді сілтемелердің болуы пайдаланушыға электрондық кестелерден немесе бірқатар жылдардағы Қазақстан Республикасындағы туризмді дамытудың негізгі көрсеткіштерінің динамикасының неғұрлым толық ақпаратын алуға мүмкіндік береді.

S.12 Өзектілік

S.12.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

ТҚШ деректерін негізгі пайдаланушылар:

- мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі және т.б.);
- ғылыми-зерттеу институттары (Экономикалық зерттеулер институты және т.б.);
- халықаралық ұйымдар (БҰҰ Статистика комитеті, ЕЭК және т.б.);
- ЖОО оқытушылары, студенттер және т.б.

S.12.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі. Пайдаланушы сауалнамасы Бюроның интернет-ресурсында stat.gov.kz «Сауал салу» / «Пайдаланушы сауалнамасы» бөлімінде қолжетімді.

S.12.3 Толықтығы/R1. Деректердің толықтығы – үлес

ҰШЖ 2008 және ТҚШ: ҰӘН 2008 халықаралық стандартарына сәйкес.

S.13 Дәлдік

S.13.1 Жалпы дәлдік

Деректердің бастапқы көздерінің дәлдігі Бюроның құрылымдық бөлімшелерінен және мемлекеттік органдардан алынатын деректер көздерінің әдіснамалық ұсынымдарын сақтау және олардың әдіснамалық негізділігі арқылы қамтамасыз етіледі.

S.13.2 A1Іріктеме қатесі – индикаторлар.

Қолданылмайды

S.13.3 Іріктемеге байланысты емес қателіктер

Қолданылмайды.

S.13.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.13.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру- көрсеткіш.

Қолданылмайды.

S.13.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер – үлес.

Қолданылмайды.

S.13.3.2 Өлшеу қателігі

Қолданылмайды.

S.13.3.3. Жауап алмау қателігі

S.13.3.3.1 A4. Жауап берілмеген бірлік - үлес

Қолданылмайды.

S.13.3.3.2 A5. Модельдік болжам қатесі

Қолданылмайды.

S.13.3.4 A5 Өңдеу қатесі.

Қолданылмайды.

S.13.3.5 Модельдік жорамалдар қатесі

Қолданылмайды.

S.14 Уақтылығы

S.14.1 Жеделдік

S.14.1.1 ТП1. Жеделдік/ ТР1. Уақытша кезең – алдын ала нәтижелер

Деректер есепті кезеңнен кейінгі 16-шы айда жарияланады (Т+16).

Бағалау түпкілікті болып табылады.

S.14.1.2 Жеделдік/ ТР3. Уақытша кезең – соңғы нәтижелер

Бағалау түпкілікті болып табылады.

S.14.2 Ұқыптылық / ТР3. Ресми статистикалық ақпаратты ұсыну және жариялау мерзімдерін сақтау

Деректер Бюро басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары мен Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде белгіленген мерзімдерде жарияланады және таратылады.

S.15 Өзара байланыстылық және салыстырмалылық

S.15.1 Географиялық өзара байланыстылық және салыстырмалылық

Халықаралық деңгейде салыстырмалы, себебі есептеулер 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесі 2008 ж. Туризм статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар 2008 ж. және Туризмнің қосалқы шоты: 2008 жылғы ұсынылатын әдіснамалық негіздемеге 2008 ж. сәйкес жүзеге асырылады.

S.15.1.1 Ағымдардың айналы статистика бойынша ассиметриясы-коэффициент/CC1

Қолданылмайды.

S.15.2 Уақыт бойынша өзара байланыстылық және салыстырмалылық-CC2.

2003–2024 жылдарға арналған уақыт қатарлары бар. Уақыт қатарлары Бюроның интернет-ресурсында stat.gov.kz «Статистика» / «Экономика» / «Ұлттық шоттар статистикасы» / «Динамикалық қатарлар» бөлімінде қолжетімді.

S.15.3 Домендер арасындағы өзара байланыстылық және салыстырмалылық

S.15.3.1 Кезеңдер арасындағы өзара байланыстылық және салыстырмалылық

Қолданылмайды.

S.15.3.2 Ұлттық шоттармен өзара байланыстылық және салыстырмалылық

Есептеулер Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Еуропалық қоғамдастықтардың статистикалық басқармасы (Еуростат), Біріккен Ұлттар Ұйымы әзірлеген 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесінің әдістемесіне сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Туризмнің қосалқы шоты: 2008 ж. Ұсынылатын әдістемелік негіз, ол біркелкі ұғымдарды, анықтамаларды, жіктеулерді және бағалау әдістерін қолдануды қамтамасыз етеді

S.15.4 Сыртқы өзара байланыстылық

Қолданылмайды.

S.15.5 Ішкі өзара байланыстылық

Ұлттық шоттар жүйесінде ұлттық шоттар деректері арасында сәйкестік бар. Алайда әртүрлі деректер көздерін пайдалану себебінен толық сәйкестік әрқашан мүмкін емес

S.16 Жүктеме

Туризмнің қосалқы шотын Ұлттық шоттар департаментінің қызметкерлері жасайды. Респонденттерге ешқандай жүктеме жоқ. Көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың, ведомстволық және әкімшілік көздердің деректері және ұлттық шоттар шеңберінде алынған есептік көрсеткіштер («Ресурстарды пайдалану» кестелері) пайдаланылады. Басқа статистикалық жұмыстармен қайта қайталану жоқ.

S.17 Деректерді қайта қарау

S.17.1 Деректерді қайта қарау – саясаты.

Қолданылмайды.

S.17.2. Деректерді қайта қарау / А6

Бағалау сапасын арттыру мақсатында 2018 жылы 2013-2015 жылдарға арналған деректер қайта есептелді

S.18 Бастапқы статистикалық деректерді және (немесе) әкімшілік, және (немесе) баламалы деректерді өңдеу

S.18.1 Бастапқы деректер

ТҚШ қалыптастыру үшін бастапқы деректер: Ұлттық шоттар жүйесінің «Ресурстар-пайдалану» кестелерінің деректері; салалық статистикалық мәліметтер:

- резидент және резидент емес келушілердің туристік шығыстары;
- жұмыспен қамтылған халық саны;
- негізгі капиталға инвестициялар;
- баға индекстері;
- құрылымдық статистика деректері;
- негізгі қорлардың жай-күйі туралы мәліметтер;

ведомстволық және әкімшілік деректер:

- Қазақстан Республикасының төлем балансы, кеңейтілген жіктелімге сәйкес Қазақстан Республикасының халықаралық қызметтер балансы (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі);
- мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есеп (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі);
- ұжымдық туристік тұтынуға арналған шығындар (Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті).

S.18.2 Деректерді жинау кезеңділігі

жыл

S.18.3 Деректерді жинақтау

Туризимнің қосалқы шотын Ұлттық шоттар департаментінің қызметкерлері қалыптастырады. Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың нәтижелері статистиканың салалық басқармаларынан Excel кестесі түрінде алынады. Ведомстволық және әкімшілік деректер мемлекеттік органдармен ақпаратпен алмасу туралы қолданыстағы бірлескен бұйрықтар шеңберінде, ресми сұрау салулар бойынша және деректер көздерінің ресми сайттарынан Excel кестесі түрінде алынады.

S.18.4 V1 Деректердің анықтығы

Статистикалық бастапқы деректердің сапасы мен анықтығын қамтамасыз ету мақсатында салалық статистикадан, сондай-ақ ведомстволық және әкімшілік ақпарат көздерінен келіп түсетін мәліметтерге жан-жақты талдау жүргізіледі.

Верификациялау рәсімі шеңберінде ағымдағы деректер өткен кезеңдердің ұқсас көрсеткіштерімен салыстырылады, бұл ауытқуларды анықтауға, олардың негізділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түпкілікті макроэкономикалық көрсеткіштер қалыптастырылғанға дейін ақпаратты нақтылауға мүмкіндік береді.

S.18.5 U1. Деректердің бірегейлігі

Қолданылмайды.

S.18.6 А7. Импутация

Қолданылмайды.

S.18.7 Түзету

S.18.7.1 Маусымдық түзету.

Қолданылмайды.

S.19 Пікір

Алдағы уақытта деректер сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру.